

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2023 жылғы 13 сәуірдегі  
№ DC-59 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Букмекерлік кенселерге, Интернет желісі арқылы ұсынылатын құмар ойындар мен мөлшерлемелерге қатысты депутаттық сауалынызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Парламент Мәжілісінің VII шақырылымының депутаттары (Е.Бейсенбаев, Д.Закиева, Е.Жанбыршин, М.Ахметов) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобаларына (бұдан әрі – заң жобалары) бастамашылық жасады.

Заң жобалары шеңберінде банктерге және төлем жүйелеріне ойын бизнесін шетелдік ұйымдастырушылардың заңсыз қызметі кезінде қаржы операцияларын жүргізуге тыйым салуды белгілеу, бұқаралық ақпарат құралдарында букмекерлік кенселер мен тотализаторлардың жарнамасын шектеу, ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, оның ішінде Интернет желісін, байланыс құралдары мен лотерея терминалдарын пайдалана отырып, лотерея билеттерін таратуға тыйым салуды енгізу, 21 жасқа дейінгі адамдарды құмар ойындарға тарту және бәс тігу үшін заңды тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу бойынша және т.б. түзетулер көзделген.

Қазіргі уақытта заң жобалары бойынша Үкімет қорытындыларының жобаларын Мәдениет және спорт министрлігі белгіленген тәртіппен мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп пысықтауда.

Осы мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, оны шешу бағытында

Үкіметпен қатар қоғам өкілдерінің және депутаттық корпустың атсалысы қажет деп санаймыз. Үкімет Сіздермен бірге заң жобалары шеңберінде ойынға тәуелділікке қарсы тұру бойынша нақты ұсыныстарды талқылауға дайын екендігін білдіреді.

**Ә. Смайилов**

*Oрын.: A. Рахимова  
тел. 74-53-47*